

**ШҚО мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ**

Ақпараттық-библиографиялық орталық



**«МЕНИҢ ҚАЛАМНЫҢ БҮГІН
МЕН
КЕЛЕШЕГІ»**

**(АҚПАРАТТЫҚ-
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ДОСЬЕ)**

Өскемен қаласы, 2018

ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕ ЫСТЫҚ ТУҒАН ЖЕРІ.

Қара өлең

*ДҮНИЕДЕ ТУҒАН ЖЕРГЕ ЖЕТЕР ҚАЙДА,
ШЕТ ЖЕРДЕ ЕЛДІ АҢСАҒАН КҮННІ ҚҰРСЫН.*

Қара өлең



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Ардақты оқырман! Өткен күнде белгі бар. Күндер өте сол белгі халық жадында жатталып, аңыз–шежіреге айналады. Өлке шежіресінен Отан тарихы құралады.

Ел тарихы сияқты Зайсан тарихы да өте бай. Көптеген тарихи оқиғаларға куә болған да осы өңір.

Биыл, **ЗАЙСАН** қаласына **150 жыл**. Бұл дегеніміз тек мерейтойлық оқиға ғана емес, өлкенің жетістігін де, кемшілігін де сараптайтын, болашақты бағдарлайтын кез.

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында **«МЕНИҢ ҚАЛАМНЫҢ БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ»** атты жасөспірімдерге арналған ақпараттық-библиографиялық досье ұсынылады.

Ұсынылып отырған ақпараттық-библиографиялық досьеден кітапхана қорындағы түрлі басылымдар мен ақпарат құралдарынан алынған Зайсан өңірінің өзіндік тарихы туралы мәліметтермен, Зайсан ауданың таңымал тұлғаларымен таныс боласыздар. Зайсан қашанда өзінің ақындарымен, батырларымен аты шыққан өңір болғандықтан өңірдің таңымал жастарының аты аталып, олар туралы қысқаша анықтама берілген.

Досье алфавиттік тәртіппен орналасқан әдебиеттер тізімімен қамтылған.

Мақсатымыз жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал ету болғандықтан, еліміздің жас буынын өршіл рухта шындауды күн тәртібінен түсірмейміз.

Осы ақпараттық-библиографиялық досье бойынша ұсыныс-пікірлеріңіз болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларыңызға болады:

*Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық орталық.*



ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

*Адамға талай жерді көрген артық,
Танысып әркімдерді білген артық,
Мысырға патша болып тұрсаңдағы,
Болмайды туып-өскен жерден артық.*

Шал Құлекеұлы.

Шығысымыздың Зайсан өңірінің өзіндік тарихы бар шежірелі аймақ. Сауыр тауын бойлай өтіп, оның етегінде «Кішкене тау» сайлары арқылы Зайсан ойпатына құлай ағатын көп өзендердің бірі «Жеменей» деп аталады. Осы ну орманды Жеменейдің жоғарғы саласында 1830-1840 жылдары қазіргі Зайсан қаласының алғашқы іргетасы қаланыпты. Ол алғашқы кезде «Джеменейка» деп аталған. 1830 жылдар шамасында географ-геодезист Маяковский Ертістің Шығыс тұсында пост (күзет орны) орнатуға ұрымтал да қолайлы мекенді белгілеу үшін зерттеуге келеді. Оны Базарка бекетінен руы Таукен Серменұлы Сырымбай бастап келеді.

«Джеменейка» ұлғайып, көлемді елді мекенге айналды. 1860 жылдан бастап, қала тұрғындарының шаруашылық өмірі Зайсан көлі, Ертіс су жолымен байланысты болды. Сонымен бірге Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен қалаларынан



Зайсанға ағылған жолаушылар бұл өңірді «Зайсан» деп атады. Қаланың Зайсан аталуы 1864-1868 жылдар аралығы, ресми мұрағат деректерінде осы екі аралық көбірек кездеседі.

1903 жылы Санкт-Петербургтен А.Ф.Дербиен баспаханасынан шыққан географиялық энциклопедияның томында «Зайсан қаласының 18 іргетасы **1868 жылдары** қазіргі уезд жерінің көп бөлігі Россияға қараған кезде салынды», — деп көрсетілген. Ал 1864 жылы Зайсан қаласы станица аталған, яғни патша үкіметі Л.Ф.Бабков деген инфантерия генерал-майоры бастаған әскери құрамаға қамал салу тапсырысымен мұнда бекініс бөліп көтерген. Қазақ даласынан Қытай, Тибет, Синзянға жүн, тері, мал, ағаш тағы басқа да шикізат, ал ол жақтан мата, киім-кешек, қол өнер бұйымдары Зайсан кедені арқылы өткендіктен маңызы арта түсті.

1870-1880 жылдар аралығында қалада 2663 орыс, 122 қазақ тұрған, 1900 жылдары 4 мың қазақ мекендеді. Халық егіншілік, мал өсірумен бірге бау-бақша, жеміс өсірумен шұғылданды.

Округтіктер губернияға айналып, уездер құрылған кезде 1875 жылы Зайсан уезі құрылып, Зайсан посты уездің саяси-әкімшілік орталығына айналған. Қалада уездік басқарма, кеден, қаржы мекемесі, почта-телеграф, орман-тоғай ісі мекемелері жұмыс істеген. 1880 жылы Семей қаласымен байланыстыратын телеграф линиясы тартылды.

Зайсан постын екіге бөліп ағатын, Жеменей өзенінің шығыс жағасында үлкен көшеден тұратын казачье слабодасы болды, ал өзеннің батыс жағасында 3-4 көшеден тұратын слабода бастауыш азиаттық мектеп, ағаштан салынған шіркеу үйі, приставство басқармасының үйі, сауда алаңы, шикі кірпіштен салынған 110 және ағаштан салынған 7 тұрғын үй бар, — деп жазды Потанин.

Ішкі-сыртқы сауда қатынасына қолайлы «Зайсан» қаласы тез ұлғайып, Батыс Қытай, Монғолиямен алыс-беріс саудасы күшейген. Жыл сайын мамыр айында өтетін Никольский жәрмеңкесі сауда шеңберін кеңейте түскен. Жергілікті маңызы бар сабын, сыра қайнататын, кірпіш өртейтін, былғары илеп, жүн жуатын заводтар сияқты кәсіпорындар ашылып, көбейе түседі. Ең байлық, арзан шикізат қоры өлкесіне көз тіккен саудагер-көпестер Зайсан қаласына шұбырып келіп жатты.

XIX-ғасырдың аяғында Зайсан көпестердің қаласы ретінде танылды. Көпестер мен чиновниктердің балалары үшін, бұрынғы бастауыш ұлдар мектебінің үстіне 1883 жылы бастауыш қыздар училищесі жұмыс істеді. 1896 жылы 26 наурызда алғашқы кітапхана ашылды.

1886 жылы Семей мен Зайсан арасын байланыстыратын телеграф іске қосылды. Облыс орталығы мен уезд орталығын байланыстыратын 600 шақырымдық жол бойындағы бекеттердің жұмыстары тәртіпке келтірілді. Революцияға дейін Зайсанда қалалық жиын және киноматография болған, онда әскери үрлемелі оркестр ойнап, концерт қойылған. Қала бай таптың өкілдерінен тұрды, киноматограф жеке болды, оны қаланың бұфетшісі А.Сорокин ұстады.

Зайсанда өзбек, татар, тағы басқа ұлттар тұрды. Олар негізінен саудамен айналысты. Қаланың басшысы, қала старостасы болды. Қалада көбінесе қолөнершілер де, ұсталар да болды.

Зайсан уездегі көп ұлтты орталықтың бірі болды. Онда орыс, казак, татар, өзбек, түркімен, қырғыз, қытай тағы басқа ұлт өкілдері тұрды.

Семей губерниясына карасты Зайсан уезінің орталығы болған Зайсан қаласында 2 шіркеу, 2 мешіт болған. Уезде ол кездегі 6 аудан біріктіріліп, барлығы 17 болысқа жіктеліп басқарылған. Уезде 12 мектеп ашылып, онда 350 балаға 17 мұғалім сабақ берді. 1896 жылы қалада 7 орындық аурухана ашылды. Онда екі дәрігер болды. А.С.Хохлов, Титов, Собачкин сияқты кәсіпкерлер шахта ашып, Кендірлік көмір өндіруді жолға қойды. 1880-1890 жылдары қаланың ірі мәдени орталыққа айналуы, оның сәулет өнерінен де көрінді. Баязит Сатпаевтің архитектура үлгісімен күйген кірпіштен салынған бай-көпестердің дүкені мен үйлері қатар түзейді.

Ірі мәдениет орталығы болған қалада атақты ақындар Павел Васильев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әсет Найманбайұлы Ноғайбаев еңбек еткен. Михаэлис Кендірлік көмірінің сапасын, көлемін зерттеп бағамдаған. Н.Бухман күн батереясын ойлап тауып, осы қалада іске қосқан Коншин, Ватсон, Томашевский, Худыковский тағы басқа ондаған жер аударылғандар өлке мәдениетін дамуына үлес қосты.

Қалада екі үлкен тері өндеу зауыты болды. Фунтиковтың кірпіш зауыты жұмыс істеді, Жеменейдің бойындағы үш диірмен қала халқын ұнмен қамтамасыз етіп тұрған. Дображанскийдің сыра зауыты «бовар» сырасымен уезді ғана қамтып қоймай, шетке экспортқа шығару дәрежесінде көтерілді. Қалада екі ірі сабын қайнататын зауыт және Зайсанға басқа жақтан әкелінген темір рудасын өндеп, Қытай мен Тибет, Монғолияға экспортқа темір шығаратын зауыт жұмыс істеп тұрды. А.Сорокиннің кинозалы жұртшылыққа фильмдер көрсетіп, елді әлемдік мәдени өмірден хабардар етіп отырды. Елден жиналған жүннен пима басатын Асташевтің зауыты үлкен маңызға ие болды.

1926 жылы Зайсанда қалалық кеңес құрылды.

1928 жылы күзде ВКП Қазақстан Орталық атқару комитетінің шешімімен Республикада уездер таратылып, олардың орнына аудандар құрылды. Зайсан, Тарбағатай, Марқакөл, Көкпекті, Қызылтас, (Ақсуат) аудандарына жіктелді.

Зайсан ауданы ВЦИК-тің жарлығымен 1928 жылы қыркүйектің 3-ші жұлдызында құрылды. Ауданның қазіргі территориясында шамамен бұрынғы уездің үш болысы Маңырақ, Қара Ертіс, Кендірлік жатады. Зайсан ауданы 1939 жылға дейін Семейге, осы жылдан бастап жаңадан құрылған Шығыс Қазақстан облысына қарады.

1993 жылы Қалалық Кеңес таратылып, «Зайсан қала әкімі Мемлекеттік мекемесі» болып өзгертілді.

1967 жылы Зайсанда балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, 1973 жылы тарихи-өлкетану мұражайы ашылды. 1986 жылы ұлт-аспаптар оркестрі, 1993 жылы «Айнакөл» ансамблі халықтық атақ алды. 1993 жылы қалада стадион, 1994 жылы иппадром, ол 2014 жылы тың жерден қайта салынды. 2013 жылы спорт модулі, 2015 жылы бассейн іске қосылды.

1922 жылы Зайсанда уездік аурухана, 1938 жылы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық станция, 1937 жылы 7 төсек орындық перзентхана ашылды. 1945 жылы алғашқы дәріхана қызмет көрсете бастады. 1950 жылы перзентхана бөлімі жеке ашылып, ауруханадағы төсек саны 100-ге көбейтілді. 1952 жылы 25 төсек орны бар тері және венерологиялық ауруларын емдеу диспансері, 1958 жылы 25 төсектік өкпе ауруларына қарсы диспансер ашылды.

1958 жылы аудандық денсаулық бөлімі аудандық аурухана болып құрылып, оны басқару бас дәрігердің үлесіне тиді. 1967 жылы жүйке ауруларын емдеу бөлімі ашылды.


Қалада 6 өнеркәсіптік мекемелері, аудандық мәдениет үйі, кітапхана, 3 саябақ, 6 мектеп, 1 техникалық колледж, өнер, саз, спорт мектептері, спорт модулі, бассейн, 6 балабақша, мұражай, мұрағат, халыққа қызмет көрсету орталығы, орталық аурухана, бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы, 17 дәріхана, 7 қонақ үй, базар, 165 дүкен тағы басқа орындар халыққа қызмет көрсетуде.

Аудан азаматтарының күшімен қалада «СМУ-ШЫҒЫС» ЖШС (Қ.З.Абжанов) жылына 5 млн. дана кірпіш, темір-бетон өнімдерін шығаратын Зайсан құрылыс компаниясы

(Б.И.Нұрасыл), жылына 9 мың тонна ұн шығаратын «Зайсан-Астық», жеке кәсіпкер А.Барысов сүт зауыттарын іске қосып, халыққа қызмет жасауда.

Зайсан қаласы аудан орталығы болып саналады. Жалпы халық саны бүгінгі күні мөлшермен 15065 адам. Зайсан қаласының аумағы 18832 гектар жерді алып жатыр.

Зайсан қаласының келбеті жылдан жылға көркейіп, еліміздің дамыған шағын қалаларының қатарында өркендеуде. Алматы және Өскемен қалаларына әуе жолы қатынасы бар. Сондай-ақ, Өскемен қаласына Көкпекті арқылы тас жолмен байланысқан.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІТАПТАРДАН:

Байбатыров, Ғалым. Зайсан [Мәтін]: өлкетану тақырыбындағы тарихи-танымдық туындылар / Ғ. Байбатыров. - Астана, 2014. - 344 б. - (Алтай-Ертіс кітапханасы).

Аннотация: Тарихы терең, бастауы көне дәуірлерге кететін шұрайлы да шырайлы өлке - Зайсанға қатысты тың деректер, жазба мұралар негізінде жазылған шығарма көпшілік оқырманға арналған.

Байбатыров, Ғалым. Зайсан тарихы [Мәтін] : оқулыққа қосымша / Ғ. Байбатыров. - Өскемен, 2003. - 180 б.

Аннотация: Табиғи-климаттық жағдайы мен географиялық орналасуы жөнінен ел тарихында ерекше орын алатын аймақтар болады. Қазақстан тарихында өз орны бар сондай аймақтардың бірі - Зайсан өңірі. Белгілі публицист, ақын Ғалым Байбатыровтың "Зайсан тарихы" деп аталатын бұл кітабы орта мектеп оқушыларына арналған әдістемелік оқу құралы ғана емес, жаңадан жазылып жатқан үлкен тарихтағы ақтандақтардың орнын толтырсам деген ниеттен туған еңбек.

Зайсан [Мәтін] // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 4т. - Алматы, 2002. – Б.149-150.

Аннотация: Зайсан тарихы туралы мәлімет берілген.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАН:

Асқарұлы, Еркінбек. Зайсан атауы қайдан шыққан? [Мәтін] / Е. Асқарұлы // Дидар. - 2012. - 29 маусым (№75). - Б. 24.

Аннотация: Мақалада Алтай, Тарбағатай тау жоталарының ортасы Зайсан қазан шұңқыры аталғанымен, ол алыс - жақынға айдын шалқар көл атымен әйгілі - деп жазылған.

Әбіш, Ержан. Археологтар Зайсан өңірінен тың дүниелер тапты [Мәтін] / Е. Әбіш // Дидар. - 2017. - 5 қыркүйек (№103). - Б. 1-2.

Әліпбай, Сұңғат. Зайсан мұнайы [Мәтін] / С. Әліпбай // Егемен Қазақстан. - 2014. - 5 тамыз (№150). - Б. 4 : ил.

Байбатыров, Ғалым. Ел тарихымен өзектес [Мәтін] / Ғ. Байбатыров // Дидар. - 2005. - 22 желтоқсан (№145). - Б. 4.

Аннотация: Зайсан қаласының 140 жылдығына орай, қала тарихына шолу жасалады.

Байбатыров, Ғалым. Қиын керіш. Оны ғалымдар «Әлемнің сегізінші кереметі» дейді [Мәтін] / Ғ. Байбатыров // Ана тілі. - 2012. - 5-11 сәуір (№14). - Б. 11.

Аннотация: Зайсан көліндегі Қиын керіш Алтайдағы Мұзтау немесе Марқакөл сияқты қайталанбас табиғаттың құбылысы туралы.

Бөлдекбай, Ардақ. Мемлекет шекарадан басталады [Мәтін] / А. Бөлдекбай // Дидар. - 2009. - 3 наурыз (№27 - 28). - Б. 2.

Аннотация: Зайсан шекара жасағына - 85 жыл толуына орай, оның тарихы туралы.

Елубай, Оңдасын. Зайсан газы ауданның 24 елді мекенінің игілігіне жаратылмақ [Мәтін]: өңір өмірі / О. Елубай // Егемен Қазақстан. - 2013. - 23 қаңтар (№43-47). - Б. 1.

Аннотация: Мақалада Шығыс Қазақстан облысының **Зайсан** қаласының газын ауданның 24 елді мекенінің игілігіне жарату туралы жазылған.

Елубай, Ондасын. Нұрлана бер, нұр **Зайсан!** [Мәтін] / О. Елубай // Егемен Қазақстан. - 2011. - **13 тамыз**. - Б. 16.

Аннотация: Зайсан өңірінің тыныс-тіршілігі жайлы.

Зайсан қаласы; Зайсан – ірі қала [Мәтін] // Сынып жетекшісі=Класный руководитель. - 2003. - №5. - Б. 15.

Зайсан ауданы [Мәтін] // Алдаспан. - 2016. - 5 мамыр (№18). - Б. 24.

Аннотация: Мақалада Зайсан ауданының тыныс-тіршілігі баяндалған.

Игісін, Жұмағазы. Құт айдыным, байтағым, Жазира жаға жайсаңым... [Мәтін] / Ж. Игісін // Дидар. - 2012. - 15 маусым (№69). - Б. 13.

Аннотация: Мақалада **Зайсан** көлі маңындағы әйгілі «Қиын керіш» кереметі, сонымен қатар мекен ететін жануарлар мен балықтары туралы жазылған.

Қабылханова Н. Зайсан тарихына үнілсек... [Мәтін] / Н. Қабылханова // Биология, география және химия. – 2000. - №5-6. – Б. 74-75.

Сайдулдин, Тілеуберді. Зайсан өңірінің шежіресі тереңде жатыр [Мәтін] / Т. Сайдулдин // Дидар. - 2013. - 26 қыркүйек (№115). - Б. 14 : ил.

Аннотация: Мақалада Зайсан өңірі жайында жазылған.

ЗАЙСАН АУДАНЫҢ ТАҢЫМАЛ ТҰМАРЛАРЫ

Зайсан қашанда өзінің ақындарымен, батырларымен аты шыққан өңір. Әсем табиғат аясында, бәлкім, осындай текті жандардың дүниеге келері заңды құбылыс па, кім білсін?!

- Полковник В.Е.Головченко Кенес Одағының Батыры атағын алса, сержант Манап Әубәкіров Даңқ орденінің толық иегері болды. Ғ.Сәрсекеев, К.Қызымбаев, Е.Бексейітов, С.Жырымбаев, А.Дүйсежанов, Ә. Дәніков, А.Ыдырышев, Қ.Боқажанов және тағы басқалар жауынгерлік ерліктері үшін жоғары үкімет наградаларына ие болды.

Зайсан жері дарындылардан ешқашан кенде болмаған. Ел басқарған Халит, Бұтабай, Зейнолла, Ақбай тәрізді болыстар, Шұлғаубайдай шешен, Бұланбайдай палуан, Қоңыр, Ақыштай қажылар, елді аузына қаратқан билер шыққан. Жыр алыбы Жамбылдың өзі Шөжемен қатар қойған Ноғайбай ақынды Мәскеу университетінің профессоры Ивановский бүкіл Ресейге әйгілеп, талантына тәнті еткен. Бірқатар туындылары ҚР ҒА-ның Орталық қорында сақталған ақын Апашбайұлы Арғынбек, шығармаларының дені балалар мен жасөспірімдерге арналған жазушы Қабанбайұлы Марат.

Ал, бүгіндері Зайсан тумалары *Әукебаев Есет, Байбатыров Ғалым, Нілбаев Әубәкір, Қызықбай Тоқтарбек, Есдәулет Ұлықбек пен бүгінде марқұм болған інісі Есдәулет Рүстем, Елубай Оңалсын, Алтай Асқар, Тауасаров Әділбек, Мәукенұлы Нұрлан, Қабанбайұлы Марат, Сегізбай Кәдірбек, Салықбай Гүлнәр, Ғаббасов Советхандар* қазақ әдебиетінің алғы легінде тұр. Сондай-ақ, Зайсан тумасы Леонид Хохлов Парижде дүние жүзіне әйгілі ғалым Пастердің лабораториясында қызмет істеген, ақын Павел Васильевтің есімі орыс әдебиетінің алыптары Сергей Есенин, Владимир Маяковскиймен қатар аталады. Жарсу ауылында туып өскен *Гүлнәр, Эльвира Сахатовалар* дүние жүзіне танылған шахматшылар. *Салтанат Камалиева* дүние жүзі сұлуларының байқауында жеңімпаз

атанған. Зайсан тумасы генерал, ұшқыш *Қамза Ерзінұлы Зайсанов* Моңғол мемлекетінің әуе күштеріне қолбасшылық жасаған.

Ауданның ардагерлері *Байғанбек Құдабаев* пен *Майшекер Қорабаева* Қазақстанның «Құрмет» орденімен нағратталған. Мыңнан астам күрделі операция жасаған марқұм *Халел Қалимолдин* Еңбек Қызыл Ту орденімен ардақталған.

Ауданның рухани өмірінде өзіндік орны бар - айтыс өнерінің таланттарының ішінен бүгінде Павлодардың бас ақыны болып жүрген зайсандық *Серік Құсанбаев*.

Зайсан ауданында орталық мәдениет үйі, кітапхана қалыпты жұмыс істеуде. Зайсан халық театры, «Айнакөл» ансамблі, «Ақ әже» топтары, Дайыр, Қаратал, Сарытерек, Қарабұлақ, Кеңсай өнерпаздары жұртшылықты өнерлерімен сусындатуда. Зайсан өңірінде дене – шынықтыру мен спорт салалары өте қарқынды дамуда. Мәселен, қол тірестен Азия чемпионы Ермат Ермекбаев, Европа чемпионы Қасымжанов Нұрлан сияқтылар ауданның мақтаныштары баршылық.

Енді, **құрметті оқырман**, Сізді бүгінде өңір мақтаныштарына айналған Зайсан ауданының бірегей тұлғаларының біразымен таныстыра кетуді жөн көрдік.

Мәдениеттанушы, суретші Нұразхан Алмас 1964



жылы Зайсан қаласында дүниеге келген. 1979-1983 жылдары Васнецов атындағы Аврамцево көркемөнер-өндіріс училищесінде (Ресей), 1987-1992 жылдары Т.Жүргенов атындағы театр және көркемөнер институтында, 1992-1996 жылдары Алматы қаласындағы «Алас» кооперативінің, 1997-1998 жылдары «Балалар мен жасөспірімдердің өнер орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры болды. 1998-2000 жылдары ҚР Суретшілер одағы төрағасының орынбасары, 2000-2004 жылдары Абай атындағы

ҚҰУ көркемөнер-графика факультеті сәндік-қолданбалы өнер кафедрасының меңгерушісі болса, 2004-2007 жылдары «Дарын-Art» ЖШС көркемөнер-өндірістік компаниясының, 2007-2009 жылдары Астана қаласында орналасқан Мәдениет пен өнерді шындау мемлекеттік қорының директоры қызметтерін атқарды, 2009 жылдан Астана қаласындағы «Қазақстан халқын рухани дамыту қоры» АҚ президенті. Педагогика ғылымдарының кандидаты. ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркемөнер академиясының академигі.

*Әнші, композитор **Арыстанбек Оразұлы Какиев** 1967*



жылы 3 қазанда Зайсан қаласында дүниеге келген.

1974-1982 жылдары Зайсан қаласындағы М. Ломоносов атындағы орта мектепті және Балалар музыка мектебін фортепьяно аспабы бойынша тәмамдаған. 1982-1986 жылдары Өскемен музыкалық училищесінде үрлемелі аспаптар бөлімінің труба аспабы бойынша білім алған. 2004 жылы ШҚМУ-дің музыка факультетін бітіреді. 1986-1988 жылдары Украинаның Луганск қаласында әскерде азаматтық борышын өтеп келді. 1989-1993 жылдары Зайсан қаласының №2017 әскери шекара гарнизонындағы оркестрде қызмет атқарды.

1993-1995 жылдары Зайсан аудандық Мәдениет үйінің «Айнакөл» ансамблінің жетекшісі болды.

Ұлан ауданы мәдениет үйінің директоры, кейіннен – 1995-1999 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

1999-2005 жылдары Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық Халықтар достығы үйінің көркемдік жетекшісі және негізгі маман қызметін атқарады.

1999 жылы Алматыда өткен «Өскемен жайлы әндер» байқауының жеңімпазы, «Сәулетай» облыстық балалар әні

байқауының дипломанты, 2000 жылы «Жаңа ғасырға – жаңа ән» атты республикалық байқаудың дипломанты (Алматы), 2002 жылы Халықтар достығы үйінің 10 жылдығына өткізілген әндер байқауының лауреаты (Алматы),

Арыстанбек Какиев – жиырмаға жуық әндердің авторы. Әндерінің барлығы Алматы қаласының қазақ авторлық қоғамында тіркелген.

Өнер мұражайының негізгі қорында композитордың мұражайға сыйлаған бірнеше нотаға түсірілген әндерінің түпнұсқалары сақтаулы.

Театртанушы Бақыт Кәкиқызы Нұрпейіс 1970 жылы



14 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген.

1993 жылдан бастап оның театр өнері, спектакльдер мен сахна шеберлері жайында жазылған мақалалары (30-дан астам) республикалық газет-журналдарды, ұжымдық жинақтарда жарық көрді.

1995 жылы Алматы мемлекеттік театр және кино институтының (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) театртану факультетін (проф. Б. Құндақбайұлының жетекшілігімен) бітірген. Сол жылдан Әдебиет және өнер институтының театр, кино және теледидар бөлімінде ғылыми қызметкер болды.

1997 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында педагогтік қызметпен, 1999 жылдан Өнертану ғылымдарының кандидаты, 2004 жылдан доцент, кафедра меңгерушісі болған.

2015 жылдың қыркүйегінен бүгінге дейін Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Өнертану» факультетінің деканы.

Ақын Ахметов Ерлан 1975 жылы 20 мамырда Шығыс



Қазақстан облысы, Зайсан қаласында туған. М.Ломоносов атындағы орта мектепті үздік аяқтап, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған. Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында, облыстық «Дидар» газетінде арнаулы тілші, ЕртісБаян өңіріндегі «Кереку» апталық газеттің редакторы болып қызмет еткен. Бүгінгі таңда республикалық «Руханият» газетінің редакторы, ҚМДБның Павлодар облысы бойынша өкілдігінің баспасөз хатшысы, «Ислам және өркениет» газетінің меншікті тілшісі. 2008 жылдан «Жұлдыз» журналының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, «ҚаламгерMedia» орталығының Павлодар облысындағы арнаулы өкілі. 1987 жылдан бастап қаламгердің мақалалары мен әңгімелері, өлеңдері аудандық, облыстық басылымдарда жарияланған. «Ажарлы ауыл, ардақты қауым» атты казакорыс тіліндегі деректі туындының (2006), «Қамырау жері, Сәмек елі, аман бол!» (2007), «Павлодар өңірінің қажылары» (2008), «Білім көкжиегі. Горизонт знания» атты кітаптардың авторы. «Жастық әуен», «Айтыс» (2005), «Баянауыл басынан» (2006) сияқты ұжымдық жинақтарға өлеңдері енген. «Оғылдарым» (2008), «Жарық дүние» (2009) жыр жинақтарының авторы. Бірнеше дүркін республикалық мүшәйралардың жүлдегері.

Ақынның *«Туған жер»* атты өлеңінен үзінді:

*Өтіп жатқан әрбір күнім – сый-ағын,
маржандарын, асылдарын жиямын.
Сағыныштың пернелері сыңғырлап,
тербетеді туған өңір күй-әнін.*

*Ыстық көрем тауларымның нарлығын,
құшағымға басып берген бар гүлін.
Тіл қатқаннан бір есейген тал-қайың
көз алдыма елестетер барлығын ...*

Ақын Омар Құралай 1983 жылы 20 шілдеде Шығыс



Қазақстан облысы Зайсан ауданы Жамбыл ауылында дүниеге келген.

Құралай Омарова 2000 жылы Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы облыстық гимназия-интернатында Қанипа Бітібаеваның авторлық сыныбын бітірді. Өлеңді 15 жасынан бастап жаза бастады. Алғашқы өлеңдері 2000 жылы облыстық «Дидар» газетінде жарық көрді. 2004 жылы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін тәмамдаған.

2008 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінде Еркін Асқаров атындағы арнайы сыйлықты алған. 2006 жылы «Жалын» журналының Төлеген айбергенов атындағы сыйлығын, 2007 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінде бас жүлдені иеленген. «Мендегі үнсіздік» өлеңдер жинағында ақын қағаз бен қаламға сырын айта отырып, өмірдің тылсым сырларын ашуға, тіршіліктің ақиқатын айқындауға ұмтылады. Оның жырларындағы махаббат машақаты, көңіл аңсары, жүрек тебіренісі, жан-дүние толғанысы өрнекті өлең арқылы оқырманды поэзия патшалығына бастап, өлең өлкесіне жетелейді. Қалың оқырманға нәзік те сырлы өлеңдері арқылы таныс **Құралай Омар** - өлеңсүйер қауым жылы қабылдаған ақын қыздардың бірі. Өзінің шығармашылық сезімін жауған қармен, сіркіреген жаңбырмен, жел тербеген ақ қайыңмен, түнерген аспанмен, т.б. табиғат құбылыстарымен астастыра жырлап, ішкі үйлесімдікпен үндестіре білу - ақынның шеберлік ерекшелігі.

Өзінің тағдыры жайлы ақын былай дейді: «Кейбіреулер өлеңімді оқып, үнемі мұнайып жүретін, үнемі жылап жүретін адам деп елестетуі мүмкін. Бірақ, мен өлең жазған кезде ғана ақынмын, қалған кезде жай ғана адаммын. Мен де қуана аламын, мен де күле аламын. Өлең деген - бір сәттік көңіл-күй ғана. Ол

көңіл-күй бір сағаттан соң немесе бір күннен кейін ұмытылып кетуі мүмкін. Бірақ, қағазда қалып қояды».

Құралай Омардың өлеңіне жазылған, Роза Әлқожа орындап жүрген **«Жүрек назы»** атты әні бар.

Ақынның өлеңі оның күнделігі секілді - өзінің жан сырын, мұнын қағазға түсіреді де, әрі қарай адами өмірін сүріп жүре береді. Өлең кітапта, қағазда өз бетінше өмір сүріп жатады. Ал өзі адами болмысымен өмір сүреді.

Ақынның **«Махаббатта көз болмайды»** атты өлеңі:

«Махаббатта көз болмайды» деп еді.

Жаным жылып, жадырадым... Ызғарсыз.

Ойламауым мүмкін емес, себебі,

Жүрегімнің лүпілінде сіз барсыз.

Сағынамыз... Асығамыз жетуге...

Жанарымда мөп-мөлдір боп тұндыңыз.

Күндер күліп, сәттер сырғып өтуде,

Содан бері бақыттымыз... мұңдымыз.

Тағдырыма ойда жоқта тап болып,

Орадыңыз бір өзіңіз санамды.

Жеткізе алмай сезімімді жақ толып,

Тек өртеніп, жанам-ды...



МАЗМҰНЫ:

Оқырман назарына!	2
Зайсан қаласының тарихы	3
Әдебиеттер тізімі	9
Зайсан ауданың таңымал тұмарлары	12
Нұразхан Алмас	13
Арыстанбек Оразұлы Какиев	14
Бақыт Кәкиқызы Нұрпейіс	15
Ахметов Ерлан	16
Туған жер (өлең)	16
Омар Құралай	17
Махаббатта көз болмайды (өлең)	18



ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ







Мекен-жайымыз:

Өскемен қаласы,

Космическая көшесі, 6/2


*ШҚО мәдениет, мұрағаттар және
құжаттама басқармасының*

*«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КММ*

Байланыс телефоны: 8(7232)75-96-17

E-mail: childrenlibrary@mail.ru

Сайт: www.vkolibrare.kz



**Құрастырған және компьютерде
өндеген: Ж. Б. Буханова**

*ақпараттық-библиографиялық орталықтың
жогары дәрежелі библиографы*

Жауапты: К. Б. Мукашева

кітапхана директоры м. а..

Тексерген: Р. С. Ибраева

инновациялық-әдістемелік орталықтың әдіскері.